

Бес жылын бекерге өткізбепті

Тасқын БОЛАТҰЛЫ

Оның о баста режиссерлік жолды таңдаудағы мақсаты «мен туралы газеттер жарыса жазып, телеарналар үздіксіз көрсетсе екен» деген үсірт ойға мүлдем кереғар. «Сонау Барнаулға шығандап барсам да, білім алып, білгенімді ауылдағы бауырларыма үйретуді көксеген едім. Қазір Шемонайха ауданы Усть-Таловка ауылындағы Балалар өнер мектебінде мұғаліммін. Бес жыл болды. Бекер өтіп жатқан жоқ секілді уақытым», – дейді кейіпкеріміз.

...Облыс орталығындағы өнер колледжінде оқып жатқан болашақ әртістер мен режиссерлер «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы Валентин Алифановпен кездесті. Кездесу облыстық жасөспірімдер кітапханасында өтті.

Шара сұхбатпен басталды. Жастардың алға тартқан сауалы «Режиссерге тән қасиеттер қандай?», «Жетістікке жетудің құпиясы бар ма?» дегенге сайды. «Мен жетістікке жетудің құпиясын білмеймін. Мен режиссерге тән қасиеттер мынау деп атап бере алмаймын. Меніңше, қандай маманға да кәсібилік керек. Өз ісіңнің білгірі бол. Ұстаным сол болсын», – деп жымыды Валентин Алифанов.

Екінші бөлімде Валентин Алифанов-

тың режиссерлік етуімен даярланған «Бременские музыканты» атты ертегі сахналанды. Әртістер – Валентин Алифановтың шәкірттері, өнер мектебінің оқушылары.

– Бұл – ескі ертегі. Ескі де болса, біздің заманға сай келетін ертегі. Достыққа, бірлікке шақырады. Кім болсаң да, қай ұлт болсаң да, Қазақстанның азаматысың, бір Отан-ананың перзентісің дегенге меңзейді. Оған қоса балалардың шеберлігін паш етуге таптырмас қойылым, – деді режиссер.

Иә, ол мысқалдап болса да, арманына адаспай қадам басып барады. Ұстаздықтың мақсатын анық аңғарған. «Бес жылым бекерге өтпеді» деуінде де үлкен мән жатқан сыңайлы.

